

«Жолшы»бөбекжай- бақшасы»МКҚК

Тексерілді
«Жолшы»бөбекжай- бақшасы»МКҚК- ның
Әдіскері С.Жоламанова



«Білім еліне саяхат»

«Күншуақ»ересек топ



Топ тәрбиешісі:М. Утеуова

2025ж

«Білім еліне саяхат»

Мақсаты:

- Балаларды өз балабақшасының ішкі бөлмелерімен және ауласымен таныстыру;
- Қоршаған ортаны танып-білуге, ұқыптылыққа баулу;
- Балабақшаға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекіліктер: суреттер, ауладағы ойын алаңшасы, гүлдер, спорт құралдары, ойыншықтар.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, көрсету, экскурсия, сұрақ-жауап, қимылды ойын.

Сабак барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Балаларды шеңберге тұрғызу.
- Тәрбиеші:
– Балалар, бүгін біз ерекше саяхатқа шығамыз. Қайда барамыз деп ойлайсыңдар?
- Балалар жауап береді (балабақша, аула...).
- Тәрбиеші:
– Дұрыс айтасыңдар! Бүгін біз балабақшамыздың іші мен ауласын аралаймыз.

II. Балабақша ішіне экскурсия

1. Топ бөлмесі

- «Міне, біздің ойын бөлмеміз. Мұнда біз ойнаймыз, сурет саламыз, тақпақ айтамыз».
- Дидактикалық ойын: «Ойыншықты тап» (тәрбиеші ойыншықты көрсетіп, балалардан атын сұрайды).

2. Жататын бөлме

- «Бұл – демалатын бөлме. Біз мұнда ұйықтап, сергіп аламыз».
- Қимылды ойын: «Күн шықты – ояндық, күн батты – ұйықтадық».

3. Асхана

- «Міне, асхана. Мұнда біз дәмді тағамдар ішеміз».
- Сюжеттік ойын: «Дәмді ас» (тәрбиеші балаларға қасық беріп, тамақ ішкендей қимыл жасатады).

III. Балабақша ауласына экскурсия

1. Ойын алаңы

- «Бұл жерде біз таза ауада ойнаймыз».
- Ұлттық ойын: «Ақ серек – көк серек».

2. Гүлзар мен ағаштар

- «Гүлдер мен ағаштарға су құямыз, күтеміз».
- Дидактикалық ойын: «Түсті тап» (гүлдердің түсін атау).

3. Спорт алаңы

- «Мұнда біз жүгіреміз, секіреміз».
- Қимылды ойын: «Кім тез жүгіреді?»


IV. Қорытындылау

- Балаларды қайта топқа жинау.
- Сұрақтар:
 - Қай бөлмеде ойнаймыз?
 - Асханада не істейміз?
 - Аулада қандай ойын ойнадық?
- Балалардың жауаптарын тыңдау.

Тәрбиеші қорытындылайды:

– Балалар, біздің балабақшамыз – екінші үйіміз. Мұнда біз ойнаймыз, үйренеміз, демаламыз. Балабақшамызды жақсы көреміз бе?

Балалар: – Иә!





«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.



Тақырыбы: Менің отаным Қазақстан

Тәрбиешілер: Утеуова.М
Улыкпанова.Б

2025жыл

«Мен Отанның бақытты ұлымын»
Құрметті кішкентай бүлдіршіндер және балабақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні мерекесімен «Күншуақ» ересек тобы атынан шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілеймін.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!

I. Әнұран.

Құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің 25 қазан Республика күніне арналған «Мен Отанның бақытты ұлымын!» қысқаша мерекелік іс шараны тамашалаңыздар.

II. Хор: «Менің Отаным»

Елші:

- Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Жүргізуші:

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

Елші:

- Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Жүргізуші:

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан- Республика күніне арналған мерекелік іс шара өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Елші:

- Сәлем, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:

- Қазақстан Республикасы.

Елші:

- Отандарыңның астанасы қай қала?

Балалар:

- Астана қаласы.

Елші:

- Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?

Балалар:

- Әнұран, Туы, Елтаңбасымен.

Елші:

- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

1. Айару: Өзіндікі туында,
От пен ауа, суың да.
2. Әмина: Жаса Қазақстаным,
Белді бекем буып ап.
3. Айша: Байтақ дала жерім менің,
Арта берсін даңқың сенің.
4. Шерхан: Көк байрағың желбіресін
Егеменді елім менің!
5. Майгүл: «Көк байрағым көгімде,
Қыран құстай желбіре.
6. Сезім : Қазақстан – Отаным,
Жарқырай бер мәңгіге!»
7. Хадиша: «Тілім – қазақ, қазынам,
Мақтан етіп айтамын.
8. Ербол: Қазақстан – елімді,
Жүрегімде сақтаймын!»
9. Аяла Е: «Республика – ұраным,
Әрқашан да жыр-әнім.
10. Іңкәр: Мәңгі жасап болашақ,
Көкте шалқып қыраным!»

III. Хор: «Қазақстаным Отаным».

Жүргізуші:

- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер.

Онда Отан дегеніміз не?

Балалар:

- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

Аяла : «Отбасым» санамақ

IV. Би. «Тек алға» Бишілер тобы.

Жүргізуші:

- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен:

«Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек.

- Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

- Ал, балалар, біз Отан туралы нақыл сөздер білеміз бе?

V. Нақыл сөздер.

1. Отан – оттан да ыстық.
2. Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі.
3. Отан үшін отқа түс, күймейсің.
4. Оз елің алтын бесік.
5. Халқын сүйген, салтын сүйеді.
6. Туған жердің қадірін шетте жүргенде білерсің. Арайлым.

Жүргізуші: Балалар, егер біз Отанымызды сүйетін болсақ, оның мемлекеттік тілін жақсы білуге міндеттіміз. Мемлекеттік тіліміз қай тіл?

-Қазақ.

Елші:

- Құрметті бөбектер, балабақша ұжымы бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтаймыз . Қазақстанның болашағы гүлдей жайнай берсін!

Жүргізуші:

Мен қазақтың биікпін, байтақ елмін.

Қайта тудым өмірге қайта келдім

Мен мында бір тірілдім мәңгі өлмеске

Жаса – жаса мәңгіге туған елім.

Осыменен «Күншуақ» ересек тобының қысқаша тәрбие сағатын аяқтаймыз.

Көңіл қойып келгендеріңізге, ынта қойып тыңдағандарыңызға көпте - көп рахмет!



«Менің Отаным –Қазақстан»

(фото,сурет көрмесі)

Хабарлама

Балабақшамызда «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында фото,сурет көрмесі ұйымдастырылды.



Көрменің мақсаты – балаларға туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, Отанымыздың әсем табиғатын, мәдениетін таныту және патриоттық сезімдерін дамыту.

Көрме барысында балалар Қазақстан туралы суреттермен танысып, өздерінің мерекелік киімдерімен Отанға деген құрметтерін көрсетті. Балдырғандар туған ел туралы әңгімелеп, ән айтып, көтеріңкі көңіл күйде болды.

Балалардың сөздік қоры дамып, Отанға деген мақтаныш сезімі артып, елін, жерін құрметтеуге тәрбиеленеді.

«Еркетай»тобының тәрбиешілері:Кадирова.В Тайгужиева.Ш

“Менің Отаным-Қазақстан” (фото\сурет көрмесі)



«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Бекітемін:

«Жолшы» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі

Толыбаева.Ш.Р



Ерте жастағы балалардың психологиялық даму кезендері
(баяндама)

Педагог-психолог: Аманғосова.Р.А

2025-2026 оқу жылы

Баяндама

Тақырыбы: **Ерте жастағы балалардың психологиялық даму кезеңдері**

Мақсаты: Ерте жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық даму сатыларымен таныстыру, ата-аналар мен педагогтердің даму процесіне көңіл бөлуін арттыру.

Кіріспе

Баланың алғашқы үш жылы — тұлғалық қалыптасудың негізі қаланатын өте маңызды кезең. Бұл уақытта психологиялық, эмоциялық және әлеуметтік даму қарқынды жүреді. Сондықтан ата-ана мен тәрбиешінің қолдауы, дұрыс бағыттауы аса қажет.

Негізгі бөлім

1. 1 жасқа дейінгі кезең (нәрестелік шақ):
 - Негізгі даму бағыты — сезіну, тану, сенсорлық реакциялар;
 - Баланың жақын ересек адаммен (анасымен) байланысы өте маңызды;
 - Қарым-қатынас тілі — мимика, жылау, дыбыс шығару.
2. 1–2 жас аралығы:
 - Балада “мен” ұғымы қалыптаса бастайды;
 - Қозғалыс белсенділігі артады (жүру, заттарды ұстап көру);
 - Қарапайым сөздер айтып, тіл дамуы басталады.
3. 2–3 жас аралығы:
 - Эмоцияны көрсету күшейеді (ашу, қуану, жылау);
 - Өз бетімен әрекет жасауға талпыныс байқалады;
 - Қарым-қатынас жасау, ойын арқылы даму жүреді.
 - “Өзім!” кезеңі – баланың дербестігін танытқысы келетін шағы.

Қорытынды

Ерте жастың әр кезеңі бала үшін қайталанбас маңызды кезең. Осы уақытта баланың бойына сенім, махаббат, өзіндік баға мен қызығушылықты қалыптастыру ата-ана мен педагогтің міндеті. Баланың мінез-құлқы мен дамуы осы кезеңдерде алған тәрбиеге тікелей байланысты.



Тақырыбы:

“Ерте жастағы балалардың психологиялық даму кезендері”

Педагог-психолог:

Аманғосова Р.А.

Нәрестелік кезең (0–1 жас):

- Эмоциялық байланыс (анамен сенімді қатынас) дамиды.
- Сенсорлық-моторлық әрекет күшейеді (ұстау, көру, есту).
- Қарапайым дыбыстар мен мимикалық жауаптар пайда болады.

Кеңес: жиі сөйлесіңіз, құшақтап, жылы қарым-қатынас орнатыңыз.

Ерте жас кезеңі (1–3 жас):

- Сөйлеу тілі қалыптасып, сөздік қоры көбейеді.
- Өзіндік әрекетке ұмтылады (“Мен өзім!” кезеңі).
- Қарапайым ойын әрекеті басталады.

Кеңес: шыдамды болыңыз, таңдау беріңіз (мысалы, киім, ойыншық).

Балабақшадағы кезең (3–4 жас):

- Сюжеттік ойындар дамиды.
- Эмоциясын білдіру және түсіну қабілеті артады.

- Қиял мен шығармашылық белсенді болады.

Кеңес: бірлесіп ертегі құрастырыңыз, рөлдік ойын ойнауға мүмкіндік беріңіз.

Мектепке дейінгі кезең (5–6 жас):

- Есте сақтау, ойлау, зейін тұрақтылығы дамиды.
- Әлеуметтік ортаға бейімделу басталады.
- Қарапайым логикалық тапсырмаларды орындай алады.

Кеңес: тапсырма беріп, мақтап отырыңыз. Ережелермен ойын ұйымдастырыңыз.

Маңызды:

Баланың әр кезеңде өзіндік даму қарқыны бар. Қысым көрсетпей, қолдау мен махаббат арқылы психологиялық дамуына көмектесіңіз.

«Көрісу – амандықтың белгісі»

(Ересек топ, ата-аналармен бірге)

Мақсаты

Балаларға Көрісу күнінің мағынасын түсіндіру, үлкенді құрметтеуге үйрету, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу, ата-аналар мен балалардың бірлігін нығайту.

Кіріспе

(Қазақтың әуені ойнап тұрады. Балалар ұлттық киіммен залға кіреді.)

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, қадірлі қонақтар!

Баршаңызды көктемнің алғашқы мерекелерінің бірі – *Көрісу күнімен* құттықтаймыз!

Көрісу күні – адамдар бір-бірімен амандасып, амандық сұрасып, ақ тілектер айтатын ерекше күн.

Бұл күні адамдар:

- «Бір жасыңмен!»
- «Жасың құтты болсын!»
- «Жасың ұзақ болсын!»

-деп бір-біріне жылы лебіз білдіреді.

Ендеше, бүгінгі мерекемізді балалардың тақпақтарымен бастайық.

Балалардың тақпақтары

1-бала

Көрісу күні келді бүгін,
Жылылық толды көңілім.
Аман-есен қауышып,
Қуанышқа бөлендік біз бүгін.

2-бала

Армысындар, ағайын,
Жақсы күнге лайықпыз.
Көрісу күні құтты боп,
Береке толсын ауылымыз.

3-бала

Көктем келді далама,
Қуаныш толды санаға.
Көрісейік бәріміз
Денсаулық тілеп баршаға.

4-бала

Амандықты сұрасқан,
Көрісу күні тамаша.
Татулық пен достықтың
Белгісі ғой жараса.

Ән

Асылханов Заңғардың орындауында күй :«Ата толғауы»

Көрініс

«Көрісу дәстүрі» (Сахнада шағын қазақ үй көрінісі)

Кейіпкерлер: әже, ата, ана, бала, көрші

(Ата мен әже отырады) **Бала жүгіріп келеді:**

Ата, әже! Бүгін қандай күн?

Әже:

— Балам, бүгін **Көрісу күні**. Бұл күні адамдар бір-бірімен амандасып, амандық тілейді. (Көрші келеді)

Көрші:

— Ассалаумағалейкум! Бір жасыңызбен! Жасыңыз құтты болсын!

Ата:

— Уағалейкумассалам! Жасың ұзақ болсын! Аман-есен болайық!
(Барлығы қол алысып көріседі)

Бала:

— Мен де бәрімен көрісемін!(Балалар ата-аналарымен көріседі)

Ән

«Анашым» немесе «Достық әні»

Балалар ата-аналарымен бірге орындайды.

Ата-аналармен ойын

«Жылы тілек»

Шар немесе гүл беріледі.

Кімнің қолына түссе, сол адам:

* балаға

* ата-аналарға

* топқа

жылы тілек айтады.

Ұлттық ойын

«Арқан тарту»

Балалар мен ата-аналар екі топқа бөлінеді. Қай топ күшті екенін анықтайды.

Қорытынды тақпақ

5-бала

Көрісу күні келгенде,

Қуаныш толды әлемге.

Достық пенен татулық

Болсын әрбір жүректе.

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар! Бүгін балаларымызбен бірге халқымыздың әдемі дәстүрлерінің бірі – **Көрісу күнін** атап өттік.

Бұл дәстүр адамдарды татулыққа, мейірімге, бір-біріне қамқор болуға тәрбиелейді.

Баршаңызға:

Денсаулық, береке. бақыт тілейміз! Көрісу күні құтты болсын!



«Жолшы» бөбекжай- бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны.

Келісемін: 
«Жолшы» бөбекжай- бақшасы» МКҚК
Әдіскер: С. Жолтаманова



Тақырыбы: «Наурыз жыл басы!»



«Еркетай» кіші тобы

Тақырыбы: Наурыз жыл басы!

Мақсаты: Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығын сәбилер санасына жеткізу. Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігін, одан кейінгі күндері күннің ұзарып, түннің қысқаратындығын айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай айтып түсіндіру. Балаларға Наурыз мерекесін қалай атап өтетіндігін таныстыру. Ұлттық салт - дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан етуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,

Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем

Жарығымен, шуағымен Күн - Ана

Алып келдің жер бетіне нұр көктем!

Осыншама жақсылық,

Алып келдің Наурызым!

Төрлет бізге нұр болып,

Шуақ шашып нұр жүзің!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұл күн мен түн теңелетін мереке. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Қазақ халқының күнтізбесі бойынша Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жаңарады, өмірге қайта келеді. Осы тіршілікпен бірге, адамдардың да өмірі жаңдалады, жайнай түседі. Олай болса, бүкіл тіршілік атаулыны жаңартып, жақсартқан Наурызға шын ниетпен «Қош келдің, Әз Наурыз!» деп атайық.

Балалар хормен: «Қош келдің, Әз Наурыз!»

Тәрбиеші: Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық аспаптар оркестрімен ашқымыз келіп отыр

Балалардың орындауында оркестр

Т:- Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?

Б: - Наурыз мерекесін тойлап жатырмыз.

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсындар, бәрекелді. Осындай мереке күні ауылға барып, әжелерімізді Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесімен құттықтап қайтайық.

Тәрбиеші балалармен бірге ауылға музыка ырғағымен кіріп келеді. Онда көже ішіп отырған аталар мен әжелер қонақтарды орындарынан тұрып қарсы алды. Әже балаларға наурыз көже ұсынады.

Тәрбиеші: Әже, Наурыз көже өте дәмді екен. Оны қалай дайындадыңыз?

Әже: Қарақтарым. Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы.

Оған 7түрлі тағам қосылады. Олар: қыстан қалған сүр, айран, сүт, тұз, құрт, тары, бидай. 7саны киелі сан. Ал наурыз көже тоқшылық белгісі.

Тәрбиеші: Дастарханымыздан ешқашан ырыс береке кетпесін дей отырып

кезекті Дастархан әніне береміз.

Ән: «Дастархан»

Тәрбиеші: Қасиет еткен халқымыз,

Жаңғыртар дәстүр салтымыз

Сән салтымен ел көрікті

Салт дәстүрді сыйлау үлкен міндет.

Әжелер, Халқымыз Жаңа жыл табалдырықтан аттағанда жалғыз сәуле жарық болмас деп төрге қос шырақ жаққан екен. Жыл бойы «ақ мол, дән таусылмасын, жауын шашын көп болсын» деген ниетпен Қыдыр күні ыдыс атаулыны ырысқа (тары, бидай), аққа (сүт, айран), кәусар бұлақ суына толтырады екен.

Тәрбиеші: Біздің халқымыз осындай тамаша, тәрбиелік мәні зор салт дәстүрге бай халық. Ал біз кезекті халқымыздың, яғни мұсылман халықтарының төл мерекесі

Әжемiз бата бередi.

Тәрбиеші:

Айтқаныңыз келсін, Әже!

Ал келiндер қонақтар

Досқа құшақ ашайық

Өлең жырға басайық

Қазақтың бiр салты деп

Тойға шашу шашайық!

Әжелер шашу шашады.

Тәрбиеші: Наурыз қазақ халқының ұлттық мейрамы. Сондықтан да халқымыздың ұлттық аспаптарына тоқталып өткен жол болар.

Соның ішінде бәрімізге жақсы таныс домбыра. Домбыра қазақ халқының мақтан ететін киелі аспабы. Сондықтан да халқымыз «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деп бекер айтпаса керек.

Ойын: «Арқан тарту»

Тәрбиеші:

Ұлыс күні кәрі жас,

Құшақтасып көріскен

Жаңа ағытқан төлдей

Жамырасып өріскен

Шалдар баға беріскен

Ал енді Күш сынасуға, әркімнің өз ептілігін сынауға уақыт келіп жетті.

Ойын: «Күш сынасу»

Тәрбиеші:

Батаменен ел көгерер, жаңбыр менен жер көгерер,- дегендей аталардан бата күтеміз.

Тәрбиеші:

Жаңғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,

Тербетсін шаттық әні қазақ жерін

“Наурыз жыл басы” (ертеңгілік)





Хабарлама

Тақырыбы: «Наурыз – береке мен бірлік мерекесі» көрме

Он жетінші наурыз күні «Күншуақ» ересек тобында тәрбиеленушілерге ұлттық құндылықтарды насихаттау, салт-дәстүрге деген құрметін арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Наурыз – береке мен бірлік мерекесі» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Аталған көрмеге балабақша тәрбиеленушілері ата-аналарымен бірлесе отырып белсенді түрде қатысты. Көрме барысында ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдары, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін композициялар, мерекелік безендірулер және түрлі шығармашылық жұмыстар ұсынылды. Атап айтқанда, киіз үй макеттері, ұлттық ыдыс-аяқ үлгілері, ою-өрнекпен безендірілген бұйымдар, көктем мезгілін бейнелейтін көркем жұмыстар көпшіліктің назарына ұсынылды.

Көрме жұмыстары тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай орындалып, олардың қиялы мен шығармашылық белсенділігін көрсетті. Әрбір бала өз жұмысын таныстырып, оның мазмұны мен жасалу ерекшеліктері туралы қысқаша мәлімет берді. Бұл балалардың тілдік дағдыларын дамытуға, өз ойын жүйелі жеткізуіне ықпал етті.

Іс-шара барысында балаларға Наурыз мерекесінің мәні мен маңызы түсіндіріліп, бірлік, татулық, сыйластық сияқты адамгершілік қасиеттерді дәріптеуге ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, ата-аналардың көрмеге бұйымдар жасап беруі балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайтып, бірлескен шығармашылық жұмыстың тиімділігін көрсетті.

Қорытындылай келе, «Наурыз – береке мен бірлік мерекесі» тақырыбындағы көрме жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті. Тәрбиеленушілердің ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы артып, шығармашылық қабілеттері дамыды. Алдағы уақытта да осындай тәрбиелік мәні зор іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

